

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

Баянғали Лалита, Лиасқызы Динара

[bayangalieva.lolita@icloud.com](mailto:bayangalieva.lolita@icloud.com), [dinara.lias@mail.ru](mailto:dinara.lias@mail.ru)


6B05202- Экоаналитика мамандығы 1-курс студенттері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Тауова Н.Р. қауымдастырылған профессор м.а, PhD

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер барлық әлем бойынша ең ауқымды мәселе болып отыр. Жалпылай айтатын болсақ: су ресурстарының ластануы, ормандар жойылу, климаттың өзгеруі, шөлейттену, ауаның ластануы және т.б. Бұл мәселелер тек үкіметпен ұйымдарға ғана емес, барлық адамзат, жасөспірімге қатысты болу керек. Себебі болашақ - жастардың қолында. Олар қоғамның қозғалу күші ретінде қоршаған ортаны қорғауда үлкен рөл атқара алады. Ормандар аумағының азаюы: Қазіргі уақытта әлемдегі ормандар құрлықтың 30%-ын, яғни 4 млрд гектарды қамтиды. Олар оттегінің негізгі көзі болып, атмосферадағы тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан тропикалық ормандарды «Жер шарының жасыл өкпесі» деп атайды. Адам әрекеті нәтижесінде соңғы 50 жылда ормандардың 2/3 бөлігі жойылды. Жыл сайын 15-20 млн гектар тропикалық орман жойылып, бұл үрдіс жылына 1,8%-ға артуда. Ең көп шығынға ұшыраған елдер қатарында Бразилия, Мексика, Үндістан және Тайланд бар. Егер бұл қарқын сақталса, 30-40 жылдан кейін тропикалық ормандар толықтай жойылуы мүмкін. [1].

Ормандардың азаюының басты себептері:

- Ауыл шаруашылығы үшін жер игеру,
- Өнеркәсіп қажеттілігіне ағаш дайындау,
- Орманды отын ретінде пайдалану,
- Экологиялық талаптардың сақталмауы.



Сурет 1. Ормандардың азаюына себептері

Қазақстанда ормандар аумақтың тек 4%-ын ғана алып жатыр. Соған қарамастан, орманды заңсыз кесу, әсіресе сексеуіл ағаштарын жою белең алуда. Сексеуіл шөлейтті аймақтардағы топырақ эрозиясын болдырмауға көмектесетін маңызды өсімдік. 1992 жылы БҰҰ-ның Рио-де-Жанейро конференциясынан кейін көптеген елдер орман ресурстарын қорғау бойынша халықаралық келісімдерге қосылды. Қазақстанда бұл салада ұлттық орман саясаты әлі толық қалыптаспағанымен, орманды сақтау мен қорғау маңызды міндет болып қала бермек.



Сурет 2. Ормандардың азаюы  
Су қоры. Жер беті және жер асты суларының ластануы

Әлемдегі су ресурстарының ластануы адамзатты алаңдатып отырған өзекті мәселе. Ластану түрлері әртүрлі болғанымен, ақыр соңында бұл су экожүйесінің бұзылуына алып келеді.


Су айдындарының ластануы келесі топтарға бөлінеді:

- *Биологиялық ластану* – өсімдіктер, жануарлар, микроорганизмдер және ыдырамайтын органикалық заттар арқылы ластану.

- *Химиялық ластану* – улы заттар мен судың табиғи құрамын бұзатын химиялық қоспалар әсерінен пайда болады.

- *Физикалық ластану* – жылу-қызу, электромагнитті өріс және радиоактивті заттармен ластану.

Бұл мәселелерді шешу үшін суды үнемді пайдалану, өндірістік қалдықтарды тазарту және экологиялық қауіпсіздік шараларын күшейту қажет. [2].



Сурет 3. Сулардың ластануы

*Шөлейттену* Экожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуы белгілі бір аймақтағы органикалық тіршілік формаларының деградацияға ұшырауына әсер ететін табиғи және антропогендік процестердің жиынтығы. Яғни, адамның қатысуынсыз табиғи экожүйенің қайтымсыз өзгеріп, өсімдіктер жамылғысының жойылуы шөлейттену деп аталады. **Шөлейттену** – **адамның** шаруашылық әрекетінің ықпалымен **өсімдік жамылғысы** сиреп, шөлге ұқсас **ландшафт**тардың пайда болуы. Дүниежүз. климаттың өзгеруі мен оның қуандануының өсуіне байланысты Шөлейттену процесі қарқынды жүруде. Шөлейттену нәтижесінде биологиялық өнім мен түр саны азайып, топырақ құнарсыздана бастайды. Қазіргі кезде құрлық бетінің 1/3 бөлігінде топырақтың құнарлы қабатының жоғалу қаупі бар, ал оның әсерінен Жер шары халқының 1/5 зардап шегуі мүмкін. Соңғы 50 жыл бойында дүние жүзінде 800 миллион га-дан астам жер Шөлейттенуге ұшыраған.



Сурет 4. Шөлейттену

XX ғасырда антропогендік шөлейттенудің көлемі 9 млн км<sup>2</sup>-ге жетіп, жыл сайын 7 млн гектар жер пайдаланудан шығып қалуда. Сонымен қатар, 30 млн км<sup>2</sup> аумақ жұттануға жақын. Сахара шөлі оңтүстікке қарай жылына орташа 10 км жылдамдықпен кеңеюде. Қазіргі таңда бұл құбылыс әлемнің 100-ден астам елін қамтып отыр. [3].

Бүгінгі таңда экологиялық мәселелер әлемдік деңгейде өзекті тақырыпқа айналды. Климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы – бұлардың барлығы болашақ ұрпаққа үлкен қауіп төндіруде. Осы проблемалармен күресуде жастардың рөлі ерекше маңызды. Себебі дәл осы буын табиғатты қорғау мен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде басты қозғаушы күшке айналуы тиіс. Экологиялық проблемалардың негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1. Климаттың өзгеруі – жаһандық жылыну салдарынан ауа райының тұрақсыздануы, мұздықтардың еруі, шөлейттенудің күшеюі.
2. Ауаның ластануы – өнеркәсіптік газдардың бөлінуі, көліктерден шығатын түтін және көмірқышқыл газының артуы.
3. Судың ластануы – тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың өзен-көлдерге, теңіздерге төгілуі, тұщы судың жетіспеуі.
4. Топырақтың тозуы – химиялық тыңайтқыштардың артық қолданылуы, ормандардың кесілуі, жердің құнарсыздануы.
5. Қалдықтардың артуы – пластик қалдықтарының көбейіп, табиғатқа кері әсер етуі.

Бұл мәселелер адамзаттың өмір сүру сапасына айтарлықтай зиян тигізуде. Ауаның ластануы түрлі аурулардың көбеюіне себеп болса, климаттың өзгеруі ауыл шаруашылығына, азық-түлік өндірісіне әсер етеді. Сондықтан да бұл проблемаларға қарсы шара қолдану өте маңызды. Жастар экологиялық ахуалды жақсарту үшін келесі іс-әрекеттерді жасай алады:

1. Экологиялық білім алу және ағарту жұмыстары
  - Экологиялық мәселелер туралы көбірек білім алып, қоғамда эко-мәдениетті қалыптастыру.
  - Әлеуметтік желілерде табиғатты қорғау туралы ақпарат тарату.
  - Мектептер мен университеттерде экологиялық жобалар ұйымдастыру.
2. Күнделікті өмірде экологиялық әдеттерді қалыптастыру
  - Қоқысты сұрыптау және қайта өңдеуге тапсыру.
  - Пластиктен бас тартып, экологиялық таза өнімдерді пайдалану.
  - Қоғамдық көлікпен жүру немесе велосипедті таңдау.
  - Су мен электр энергиясын үнемді пайдалану.
3. Экологиялық қозғалыстар мен еріктілікке қатысу
  - Орман отырғызу, қалаларды көгалдандыруға қатысу.
  - Экологиялық сенбіліктерге, қоқыс жинау акцияларына атсалысу.
  - Табиғатты қорғауға арналған заңдарды қолдау және экология саласындағы саясатқа белсенді араласу.
4. Жасыл технологияларды дамытуға үлес қосу
  - Энергияны үнемдейтін құрылғыларды қолдану.
  - Баламалы энергия көздерін (күн, жел, су) пайдалануға көшу.
  - Экологиялық стартаптар мен инновациялық жобаларды дамыту.


Жастардың экологиялық белсенділігіне мысалдар

Әлемде жастар экологиялық қозғалыстарға белсенді түрде қатысып келеді. Мысалы:

• Грета Тунберг бастаған Fridays for Future қозғалысы – жаһандық жылынуға қарсы күреске арналған жастар қозғалысы.

• “Let’s Do It!” қозғалысы – әлем бойынша миллиондаған адамды біріктірген қоқыс жинау акциясы. [4].

• Қазақстандағы “Жасыл Ел” бағдарламасы – жастарды орман отырғызуға және табиғатты қорғауға тартатын бастама.



Сурет 5. Жастардың экологиялық белсенділігі

Жастар экологияны қорғау ісінде маңызды рөл атқарады. Егер әрбір жас табиғатты қорғауға өз үлесін қосса, болашақта біз экологиялық таза, жасыл әлем құра аламыз. Экология – тек ғалымдар мен экологтардың ғана емес, барша адамның жауапкершілігі! Жастардың қоршаған ортаны қорғаудағы рөлі өте маңызды. Олардың экологиялық білім алуы, қоғамдық қозғалыстарға қатысуы және тұрақты даму принциптерін насихаттауы арқылы экологиялық проблемаларды шешуге үлес қосуға мүмкіндіктері бар. Жастардың белсенділігі мен жауапкершілігі қоғамның экологиялық жағдайын жақсартуға, табиғаттың сақталуына және болашақ ұрпаққа таза орта қалдыруға ықпал етеді. [5].

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов, Ж.Шілдебаев Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Алматы-2004
2. Ж.Ж. Жатқанбаев. Экология негіздері, Алматы-2003
3. Общая экология. / Под редакцией А.С.Степановских. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000  
Денисов В.В., Гутенев В.В., Луганская И.А. Экология. Москва, 2006
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Шөлейттену>
5. Панин В.А. Экология Казахстана. 2004